

Ғылыми кадрларды даярлау және пайдалану жүйесі

● *Магистратура*

«Магистр» сөзі - латын сөзінен шыққа ол «тәрбиеші», «оқытушы», «жетекші» деген мағынаны береді. Орыс тіліндегі аудармасында ол «өз ісінің шебері» дегенді білдіреді. Ертөректе «магистр» — бұл батыс—еуропа университетінің философия факультеттеріндегі докторлық дәрежеден сәл төмен тұратын оқу дәрежесі. Қазіргі ағылшындық - американдық жоғарғы білім жүйесінде магистр дәрежесі бакалавр мен ғылым докторы аралығындағы орынды иемденеді.



- *Аспирантура*

- *Ғылыми және ғылыми - педагогикалық мамандарды дайындаудың негізгі формасы - ғылыми - зерттеу институттары мен жоғарғы оқу орындарында ашылған, аспиранттарға жетекшілік етуді қамтамасыз етуге қабілетті жоғарғы дәрежелі ғалымдар жұмыс жасайтын аспирантура болып табылады. Аспирантура арқылы мамандар дайындау белгіленген номенклатураға сәйкес ғылыми қызметкерлердің мамандықтары бойынша жүзеге асады.*

- *Аспирантурада білім алу іштей 3 жыл мерзімінде және сырттай 4 жыл мерзімінде ұйымдасытырылады. Іштей аспирантураға 35 жасқа дейінгі мамандар, ал сыртқы аспирантураға 45 жасқа дейінгі мамандар қабылданады. Іштей аспирантураға түсу үшін жоғарғы оқу орнын тәмамданғаннан соңғы 2 жылдық жұмыс жасау стажы немесе ғылыми – зерттеу жұмысқа бейімі бар деп ұсынылған жас мамандарға берілетін ЖОО-ның ұсынысы қажет.*

- *Докторантура*
- *Докторантура үш жылға дейінгі мерзімде ашылады және оған ғылыми жетістіктерге жеткен, ғылыми-педагогикалық қызметкер ретінде танылған 40 жас шамасындағы ғылым кандидаттары жіберіледі. Докторанттар қажет болған жағдайда басты отандық және шетелдік ғылыми орталықтарға жүгіне алады. Докторантурада оқу мерзімі ғылыми-педагогикалық жұмыс стажына қарай есептеледі. Докторантураны бітірген соң докторлық диссертация қорғалады.*



- *Диссератция қорғау*
- *Диссератция қорғау - диссертациялық тақырыпты жасау аяқталған соң мамандар кеңесіне қорғауға ұсынылатын диссертация толтырылады. Мамандар кеңесінің құрамына оқу дәрежесі бар мамандар мен басқа да ЖОО-нан, ғылыми мекемелерден мамандар тартылады. Әрбір мамандар кеңесіне оның ұйымдастыруымен ғылыми қызметкерлер мамандықтарының нөмірлері бекітіледі, яғни осы кеңес кандидаттың немесе ғылым докторы дәрежесіне ұсыну үшін диссертацияны қорғауды ұйымдастырады.*
- *Диссертацияны барынша сарапқа салу алдын-ала оппоненттер белгілейді: докторлық диссератция қорғағанда үш ғылым докторы және басқарушы ұйым, кандидаттық диссертация қорғағанда - бір доктор, бір кандидат және басқарушы ұйым, мамандар кеңесінің отырысында бұлар өз пікірлері мен ұсыныстарын баяндайды. Диссертация қорғау егер қорғауға қатысқан мамандар кеңесінің жасырын дауыс беру нәтижесінде 50 пайыз болса ғана табысты, сәтті деп мойындалады.*

- *Мамандықты жетілдіру*

- *Квалификацияны өсіру - Ғылыми-техникалық төңкерістің жаңа заманғы жағдайларында өте-мөте маңызды міндет соңғы ғылыми, техника мен мәдениет жетістіктері нәтижелері бойынша мамандар білімін жүйелі толықтыру болып табылады. Осы мақсатпен біздің елде негізінен жоғары оқу орындарында ұйымдастырылған, министірліктерге бағынышты квалификацияны өсіру институттары мен жоғары оқу орындарында жоғары квалификациялы халық шаруашылығы мамандары, профессорлар мен ЖОО-ның оқытушылары сабақ береді.*

- *Стажировкадан өту*

- *Басты және де басқа ірі жоғары квалификациялы ғылыми кадрлары бар жерлерде аталған сала бойынша квалификациялы мамандарды қажет ететін, ЖОО-қызметкерлері жіберілетін, стажер-оқытушылар дайындау бекітіледі. Мұндай кезде стажер-оқытушы міндеті тек бір мақсатқа қолданылады. Стажер-оқытушының ғылыми жетекшісі сол кафедраның меңгерушісі немесе бір профессоры болып табылады. Әрбір стажерге жеке жоспар белгіленеді. Стажировканы аяқтауға бір ай қалғанда олар стажер-оқытушыны педагогикалық жұмысқа ұсыну мүмкіндіктері туралы арнайы комиссияның аттестациясынан өтеді*

*Назар аударғандарыңызға
рахмет!*